

03.02.2019ж. күні қолөнер, көркем сурет үйірме жетекшілері Ж.Кененбаева мен Д.Кененбаев оқушыларды жалпы рухани құндылықтар әлеміне тартып, адами қарым-қатынас нормасымен таныстыру, азаматтық мәдениетке баулу және дамыту мақсатында балалардың шығармашылық конкурсын өткізді. Онда оқушылар ана, достық, мейірімділік, тыныштық туралы тақырыптарға суреттер салып, әр түрлі материалдардан жасалған қолөнер көрмесін ұйымдастырды. Бұл көрмеге 34 оқушы өз жұмыстарын ұсынды. Нәтижесінде 10 «В» сынып оқушысы М.Шакирбек I орын, 10 «Б» сынып оқушысы А.Балабекова II орын, 11 «В» сынып оқушысы Ш.Абдуалиева III орын иеленді.




03.02.2019ж. күні «Алтын жүрек анамыз», «Сердце наполненное любовью» тақырыптарында балалардың шығармашылық байқауын қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пән мұғалімдері ұйымдастырды. «Мейірімділік», «Добро» тақырыптарында шығарма жазу байқауына 19 оқушы қатысып нәтижесінде 10 «а» сынып оқушысы Сыдық А, 10 «Б» сынып оқушысы Қалыбек Б, 11 «В» сынып оқушысы Комалов А жұмыстары үздік деп табылды.

03.02.2019ж. күні «Құлақтан кіріп бойды алар» тақырыбында мектепшілік әдеби кеш өткізілді. Әділ қазылар алқасы 11-сынып оқушысы

А.Әуесханның « Бір бала», 11 -сынып оқушысы Асан Арайдың «Жігерлендіру», 11- сынып оқушысы Асанова Сараның «Мама», 10-сынып оқушысы Садібек Асылжанның «Абайдың қара сөздері», 10-сынып оқушысы А.Сейдақпардың «Шеше» өлеңдерін жоғары бағалады.

04.02.2019ж. 7 «А», «Б», «В» сынып оқушылары мен ата-аналарына арналған «Мен және жанұям» атты тақырыпта ағарту сабағы ұйымдастырылды. Бұл сабақтың мақсаты: оқушылардың отбасылық қарым-қатынас, отбасы беріктігі, ұрпақтар сабақтастығы туралы түсіктерін кеңейту. Ата-аналардың балаларына деген сүйіспеншіліктерін ояту, сондай-ақ «Мектеп – ата-ана», «Оқушы – ата-ана» байланыстарын бір жолға қою болып табылады.

Сабақ барысында видеороликтер көрсетіліп, түрлі ойындар, тапсырмалар орындалды. Өткізілген сабақтың әр бөлімінен оқушылар мен ата-аналардың бір –біріне деген ыстық лебіздерін, ынтымақтастық қарым - қатынастарын, біріне- бірі деген сүйіспеншіліктерін «Гүл күлтешесіндегі арман», «Алтын білезік» жаттығуларын орындату барысында аңғарта білді, өз ойларындағы кей сұрақтарға жауап алды. Сабақ соңында қатысушылар өздерінің арман-тілектерін қағаз бетіне түсіріп, бір-біріне тілек тіледі. Ағарту сабағынан фотокөріністер:



04.02.2019ж. күні әр сыныпта «Өзіміз туралы әңгімелесейік» тақырыбында сұхбаттар, пікірлесулер өткізілді. Онда оқушылар өз отбасы ынтымағын, бірлігін, сыныптағы достық, ұстаздарды сыйлау, құрметтеу, үлкенге құрмет, кішіге қамқор болу төңірегінде сұхбаттасты.

06.02.2019ж. күні балалардың шығармашылық жұмыстарының күні өткізілді. Мұнда әр оқушы еркін тақырыпта бейнероликтер дайындап, презентация қорғады. Бұл іс-шара оқушыларды әдептілікке, сыпайылыққа, сыйластыққа, қамқорлыққа, татулыққа, сүйіспеншілікке, махаббатты бағалай білуге, жақсылық жасауға, өмірде кездесетін жақсы адамдарды үлгі тұтуға бағыттау мақсатында өткізілді. Жалпы мектеп бойынша 10 оқушы әр түрлі

тақырыпта бейнеролик, презентация жасаған. Соның ішінде үздік деп танылғандары:

11 «А» сынып оқушысы С.Анарбайдың «Жаныңда жүр жақсы адам» тақырыбындағы презентациясы мектеп ұстаздарына, тәрбиешілеріне арналған.



11 «А» сынып оқушысы Н.Темір «Жақсылық жанды жадыратады» тақырыбында видеоролик көрсету арқылы жақсылық ойлау, игілікті істер жасау арқылы қоғам дамуына үлес қосатындығын айтып жеткізді.



11 «Б» сынып оқушысы А.Нұралы «Достық» тақырыбында сыныптағы достық, татулық туралы презентация қорғады. Қорғалған жұмыстардың мазмұнын оқушылар керемет, мәдени тілде, ойларын ашық айту арқылы жеткізе білді. Әрбір қорғалған жұмысты оқушылар қызығушылықпен, бар ынтасымен жасағанын еңбектерінен көруге болады. Барлығы да жақсылық жасау әр адамның қолынан келетінін аша білді.



07.02.2019ж күні кітапханада «Мейірім төгетін ана» тақырыбында С.А.Назарбаеваға арнап көрме ұйымдастырды. Барлық сыныптар көрмеге саяхат жасап, Сара Алпысқызының өмір баяны, еңбектері туралы



презентация, видеороликтер көру арқылы кең мағлұматтар алды.

07.02.2019ж. күні 8 «А» сыныбымен «Мейірімділік-асыл қасиет» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: оқушыларды мейірімділікке, қайырымдылыққа баули отырып, ішкі тыныштық құндылықтарының мәнін ашу. Сабақ барысында оқушылар ән айтты, би билеп, топпен бірге жұмыс жасады, сұрақтарға жауап берді. Мейірімді болу, мейірімділік туралы көріністер көрсетіп өз ойларын кеңітті.



08.02.2019ж. күні оқушылардың демалыстарын көңілді өткізу, оларды салауатты өмір салтына, жеке бас гигиенасын сақтауға, дұрыс тамақтануға, дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға, зиянды әдеттерден аулақ болуға және ұлттық ойындарымызды насихаттауға тәрбиелеу мақсатында «Салауатты өмір-көтеріңкі көңіл» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізілді.



08.02.2019ж. күні «Салауаттылық–менің қалауым», «Өмір, қымбатсың маған!» тақырыптарында жоғары сынып оқушылары арасында мектеп дәрігері, медбикесі конференциялар ұйымдастырды.





08.02.2019ж. күні «Ән-көңілдің ажары» тақырыбында концерттік бағдарлама өткізілді. Мақсаты: оқушылардың музыка үйірмесінен алған білімдерін дамыту, өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру, қазақ халқының ән -би, күйлерін бойларына сіңірту, қазіргі таңдағы өнерге деген көзқарастарын қалыптастыру, өнердің құдіретін насихаттау болды.



09.02.2019ж. Оқушыларды әдептілікке, сыпайылыққа, сыйластыққа, қамқорлыққа, татулыққа, сүйіспеншілікке, махаббатты бағалай білуге, жақсылық жасауға тәрбиелеу мақсатын басшылыққа ала отырып, «Сыйласаң-сыйлы боласың» тақырыбында 8-сынып оқушыларымен дөңгелек үстел ұйымдастырды. Онда қыздар мен ұлдар арасындағы сыйластық жайлы мәселелер кеңінен талқыланып, сыныпта жылылық атмосфера бар екені байқалды.

09.02.2019ж. күні оқушыларды адалдыққа, тазалыққа, сабырлылыққа тәрбиелеу мақсатында «Кәусар бұлақ тұнығынан» тақырыбында 11 «А» сынып оқушыларымен ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылды.

09.02.2019ж. күні 10 сынып оқушылары арасында патриоттық, адамгершілік және мейірімділік тәрбиені насихаттайтын «Добрата спасет мир» тақырыбында дебат өткізілді

10.02.2019ж. күні мектепте жағымды ахуал туғызу, ұстаздар мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Ұстазыңды бала күнінен таны» тақырыбында психологиялық акция өтті. Оқушылар әр бір ұстазды бала күнгі суретінен тануға тырысып қызығушылықтары артты.

10.02.2019ж күні 11 «Б» сыныбымен «Жақсылық жан шуағы» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: қайырымдылық, жақсылық жасау дәстүрлері жайында түсінік беру, халқымыздың қайырымдылық дәстүрін жалғастыруға бағыт беру, осы жақсы қасиетті үнемі жадында ұстауға тәрбиелеу. Сабақ барысында оқушылар «Кімге не артық?» ойынын, «Қиын есеп» көрінісін ұйымдастыру арқылы тәрбие сағатының мазмұнын жақсы ашты.

10.02.2019ж. күні 11 «А» сыныбында «Жақсылық –жан жадыратады» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Онда оқушылар жақсылықтың мәнін ашып, жақсылық жасау іскерліктерін дамытты.



11.02.2019ж. күні 8Б сыныбымен «Отан оттан да ыстық» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Мақсаты: «Дұрыс әрекет» құндылығының мәнін ашу. Міндеттері: Қазақстанның байтақ жерін қорғап, сақтап келген ата-бабамыздың тарихы, еліміздің тәуелсіздігін қорғаудағы орасан ерліктері туралы мағлұмат беру. Қазақстан Республикасының рәміздерін құрметтеу, Атамекенді ардақтау сезімдерін дамыту. Өзара түсіністікке, сыйластыққа, құрметтеуге тәрбиелеу. Сабақ «Нұрға бөлену», тыныштық сәті, талдау сұрақтары, дәйексөз, әңгімелесу, шығармашылық, топпен ән айту атты бөлімдерден тұрды.



11.02.2019ж. күні 11В сыныбымен «Мечта и реальность» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді.



11.02.2019ж. күні «Кітап қорын молайтайық» мектепшілік акциясы ұйымдастырылды.



13. 02. 2019ж. күні «Жүректен-жүрекке» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Бұл акцияның мақсаты әлеуметтік есепте тұрған, аз қамтылған, жартылай жетім балаларға сыйлықтар беру арқылы балалардың бойындағы мейірімділік, адамгершілік құндылықтарын дамыту.

13.02.2019ж күнгі «Өзін-өзі тану:Махаббат пен Шығармашылық педагогикасы» атты декаданың жабылу жиынында, 10 күндік іс-шарада

белсенділік танытқан оқушылар, ұстаздар марапатталды. Сонымен қатар балалар арасында көңіл күйлерін көтеру мақсатында ойындар жүргізілді. Жиын соңында А.Куванчованың әніне жазылған сөзі О.Оспанованың «Өзін-өзі тану» гимні орындалды.

. 02-13.02.2019ж. күндер аралығында «Өзін-өзі тану» пәнінің видеосабақтарын ғаламтор сайттарына жариялау, БАҚ-тарда онкүндіктің өткізілуі туралы мақалалар жариялау жұмыстары жүргізілді. ([https:// facebook.com Физмат мектебі Қаппаров Физмат Қазығұрт тынысы](https://facebook.com/Физмат_мектебі_Қаппаров_Физмат_Қазығұрт_тынысы), ustaz.kz , <http://kapparov-fizmat.mektebi.kz/kz/>)

Мектептегі тәрбиенің рөлін арттыру, оқушылардың талғам мәдениетін тәрбиелеу, интеллектуальды мәдениетті қалыптастыра отырып, ұстаз бен ата-ана арасындағы талғамдық құндылықтарға жету, осы бағыттағы қабілеттерін қалыптастыру мақсатында «Екі жұлдыз» байқауы өткізілді.

Ер балаларды батырлыққа, шешендікке, тапқырлыққа, имандылыққа тәрбиелеу, сегіз қырлы бір сырлы жан-жақты болуға талпындыру мақсатында «Жігіт сұлтаны-2019» байқауы шаңырақтар арасында өткізілді.



14.02.2019ж. күні Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу аясында ауған соғысы ардагерлерінің құрметіне «Ғажайып алаң» отбасылық сайысы өткізілді.

Ғаламтор желісінде жас жеткіншектердің психикасына әсер ететін түрлі сайттардың пайда болуына байланысты мектеп ғимаратында смартфондарды қолдануға тыйым салу жайлы жалпы ата-аналар , оқушылар жиналысы болып, жатақханаға рейдтер ұйымдастырылды.



7 сынып оқушыларымен және олардың ата-аналарымен «Болашағымыз өз қолымызда» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырылды.



2019 жылдың 6 ақпан күні Қ.Абдалиев мектебінде аудандық «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау мақсатында «Тәртіпке бас иген құл болмайды» тақырыбында өткізілген кездесуге 11-сынып оқушылары қатыстырылды. Онда ғаламтордағы синии кит ойынының зардаптары, мектептерде смартфондар ұстауға тыйым салынғандығы жайлы айтылды.



Кітапханада Сара Алпысқызы Назарбаеваға арналған «Мейірім төгетін ана» тақырыбындағы видео ролик, газет көрмесі ұйымдастырылды. Бұл іс-шараның мақсаты оқушылардың санасына мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастыру, баланың мейірімді сөздер айту қабілетін арттыру, кішіпейілдікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу. Сара Алпысқызы туралы, ол кісінің адамгершілік қасиеттері арқылы оқушыларды қайырымдылыққа тәрбиелеу.



Ақын Мұхтар Шахановтың шығармашылығына арналған әдеби-сазды кеш өткізілді. Кештің мақсаты ақын өмірі мен шығармашылығынан мәлімет бере отырып, қазақтың қара өлеңінің құдыретін таныту. Өлеңді бағалауға, қадірлеуге және құдыреттілігін сезінуге баулу.



13.02-23.02.2019ж күндер аралығында Сынып жетекшілер мен тәрбиешілер пән бірлестігінің онкүндігі болып өтті. Онкүндік аясында 8-сынып оқушыларының қатысуымен 2019 жылдың 14-ақпан күні 16:00-де Кеңес

әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 30 жыл толуына орай Ауған соғысының ардагерлеріне арналған «Белсенді отбасылар» сайысы жоғары дәрежеде өткізілді.

10-сынып оқушылары мен ата-аналарының қатысуымен «Толағай» отбасылық сайысы өз дәрежесінде ұйымдастырылып өткізілді. Оқушылар мен ата-аналар арасында ұйымдастырылған дене қыздыру жаттығулары мен түрлі сайыстарға сайыскерлер белсене қатысты.

Ортаңғы және жоғарғы буын, жас мамандармен жүргізілетін жұмыс материалы даярланды. 10-11 сынып оқушыларына арналған республикалық деңгейде психологиядан қашықтық олимпиадаға жоғарғы сынып оқушыларынан 6 оқушы қатысты. Тапсырманы орындауға 40 минут берілді. Олимпиада 30 тапсырмадан тұрады.

11-сынып оқушыларының сынама тест барысында психологиялық жағымды ахуалын қалыптастыру мақсатында релаксациялық әдіс, аутотренинг ұйымдастырылды. Сынама тесттің жауап парақшалары таратылып, оның дұрыс боялуы қадағаланды. Аптаның сейсенбі және бейсенбі күндері өтілетін дамыту сабағы өткізілді. Жағымсыз эмоциялардан арылу мақсатында мектептің спорт залында 11^{абв} сынып оқушыларымен біргелікте спорттық ойындар жүргізілді.

9^{абв} сынып оқушыларының өзара ұйымшылдығын қалыптастыру мақсатында мектеп АКТ залында «Мәреге жетемін!» атты дамыту сабағы өтті. Мақсаты – оқушылар арасында жағымды қарым-қатынас тудыру. Сабақта оқушылар толығымен өздерінің ойларын ашып айтып, жаттығуларға белсене қатысты. Орындалған жаттығулар:

1. Сәлемдесу;
2. Топқа бөлу;
3. Кім жылдам әрекет етеді;
4. Топтық сайыс;
5. Алдаймын, алдамаймын;
6. Бір уыс кедергі;
7. Бос микрофон. Рефлексия.

Әр аптаның сейсенбі, бейсенбі күндері 11 абв сынып оқушыларымен дамыту сабақтары өткізілді. Мақсаты – оқушылардың өзіне деген сенімділігі мен өзара қарым-қатынастарын нығайту. Сабақ барысында орындалған жаттығулар:

1. Қол алысу;
2. Қандай кейіп;
3. Психотехникалық жаттығуы «Асқар айтты»;
4. 10 жылдан кейінгі кездесу;
5. Жағымды сөз;
6. Бұзық телефон;
7. «Сен кімсің»;

8. «Ырылда арыстан, ырылда, тықылда поезд, тықылда»;
9. Құпияны іздейміз. Рефлексия.

Оқушыларды ішкі қысымынан арылту мақсатында психотехникалық жаттығулар орындалды. Қорытынды: 11в сынып оқушысы А.Ф, 11б Б.Е. сынды оқушыларын жеке кеңеске шақыру.

10 абв сынып оқушыларының өзара сенімділіктерін арттыру мақсатында «Алынбайтын асу жоқ» тақырыбында дамыту сабағы өткізілді. Сабақта оқушылар ойларын еркін жеткізіп, бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасады. Түрлі берілген техникалық жаттығулар мен тапсырмаларды топпен жоғары деңгейде орындап өтті.

Өзін-өзі тану онкүндігіне орай 7б сынып оқушыларымен «Отан оттан да ыстық» атты ашық сабағы ұйымдастырылып, оқушыларды туған елін, жерін, атамекенін қорғап, құрметтеу керектігі баяндалды. Сынып оқушылары өздерінің туған ауылдарынан шыққан түрлі азаматтарды баяндай келе, тұрғылықты жерлерін мақтан етті.

Аптаның бейсенбі күні интернат ғимаратында кезекшілік атқарылды. 10.02.2019 ж. күні интернат ғимаратында рейд жүргізілді.

Оқушыларды әдептілікке, сыпайылыққа, сыйластыққа, қамқорлыққа, татулыққа, сүйіспеншілікке, махаббатты бағалай білуге, жақсылық жасауға тәрбиелеу мақсатында 8-сыныптармен «Сыйласаң-сыйлы боласың» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Онда қыздар мен ұлдар арасындағы сыйластық жайлы мәселелер кеңінен талқыланып, сыныпта жылылық атмосферасы бар екені байқалды. Арнайы даярланған сұрақтар қою арқылы, оқушылардың арақатынасы сырттай бақыланды.

Ортаңғы буын сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілеті, жылдамдығын анықтау мақсатында лабильдік тесті алынды. Тестте 42 тор көзде тапсырма беріледі, әр тапсырманы орындауға 2-3 секунд беріледі. Оқушылар жылдам қимылдау арқылы төмендегі нәтижені көрсетті.


8^{А,Б,В}сыныптан 60 оқушы қатысты.

4-5 қате жоғары лабильділік

6-10 қате орта лабильділік

11-16 қате төмен лабильділік

17-25 қате өте төмен лабильділік



9-сынып оқушыларының қатысуымен «Менің отбасым - құндылығым» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Өз ойларымен толықтай бөлісу үшін, оқушылар «Гүл бейнесіндегі отбасын» суреттеп, ойларын қорытындылады.

Тәрбиешілер мен ұстаздар тарапынан 3 сұраныс келіп түсті. Сұраныс түскен оқушылармен жеке әңгіме ұйымдастырылды. Кеңес беру бағыты бойынша М - 3, Т - 5, О – 9, А-А - 1 кеңес берілді.

10.02.2019ж күні « Өзіңді өзің тани біл» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Тренингтің мақсаты: Өзін-өзі тану негізінде, адамгершілік-рухани әлеуетін көтеру, баланың өзіндік «Менін» қалыптастыру және оқушылар арасында жылы қарым-қатынас орнату, адамгершілік құндылықтарын үйренуіне ықпал ету, сенімін нығайтуға жол ашу. Өзін-өзі түсінуге, өзін –өзі бағалай білуге және өзін-өзі жаман әрекеттен жақсы әрекетті ажырата білуге тәрбиелеу.

9-11 сыныптармен « Стреспен күресу жолдарын үйрету» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Тренингтің мақсаты: жаттығулар жасау арқылы оқушылардың көңіл күйлерін көтеру, стресті жену жолдарын үйрету. Тренинг барысында оқушылардан «Сіз стресті бағындыра аласыз ба?» атты тест алынып, нәтижесіне анализ жасалды.



17.02.2019ж күні 11В сынып оқушыларымен «Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық құқық бұзушылық» атты сыныптан тыс іс-шара өткізілді.

Мақсаты:Құқық бұзушылыққа итермелейтін себептерді анықтап алдын-алу. Оқушыларға психологиялық және физиологиялық жағынан көмек беру.

Ай бойында ҰБТ-ға дайындық жұмыстары күшейтілген түрде төмендегідей бірнеше бағытта жүргізілді:

- 1.Әрбір пән бойынша қосымша дайындық сабақтарының саны арттырылды.
2. Төмен нәтиже көрсеткен оқушыларға пән мұғалімдерінің жеке қосымша сабақтары қойылды.
- 3.Оқушыларды электронды және қағаз формасындағы жаңа тест материалдарымен қамтуға көп мән берілді.
- 4.Әр апта сайын ҰТО дайындаған тест кітапшалары бойынша алынған байқау тестінің нәтижесі бойынша оқушыларға, ата-аналарға және пән мұғалімдеріне қозғау салып отыруға айрықша назар аударылды.
- 5.Байқау тесттерінен соң жеке қатемен жұмысқа көп мән берілді.
- 6.ҰБТ-ға дайындауда мол тәжірибесі бар білікті пән мұғалімдерінің шығармашылық есептері ұйымдастырылды.

Айдың әр аптасында 10,11-сынып оқушыларынан ҰБТ байқау тесттері алынып, нәтижесі бойынша оқушылармен, пән мұғалімдерімен және ата-аналармен қажетті жұмыстар жүргізілді. Наурыз айының соңғы аптасында алынған ҰБТ байқау тестінде 11-сынып оқушыларының жалпы орта балы-123,3 болды.

Ай бойында 11-сыныптың «Алтын белгі» белгісіне үміткер оқушыларының аталған белгіні алуға қажетті құжаттарын дайындау жұмыстары жүргізілді.

Мектепшілік басшылық пен бақылау кестесіне сәйкес айдың 1-аптасында ОЖСБ және ҰБТ-ға дайындық жұмыстары, Облыстық пән олимпиадасының қорытындысы, 2-аптасында Интернаттағы тәрбие жұмыстары, 3-аптасында ағылшын тілі пәнінің оқытылу жағдайы, III тоқсан бойынша оқу-тәрбие жұмысы мектеп әкімшілігі тарапынан тексерілді.

8.03-9.03.2019ж күндері барлық сыныптардан тоқсандық тест алу және оның нәтижесін шығару жұмысы жүргізілді.

Ай бойында оқушылардың білімін тереңдету курстары, қоғамдық үйірмелер т.б. шаралардың сапалы өтілуі үнемі қадағаланды.

Мұғалімдердің жеке құжаттарын, күнтізбелік, күнделікті сабақ жоспарларын, тақырыптық, әдістемелік талдауларын қадағалау жұмысы жүйелі түрде жүргізілді.

ІІІ-тоқсан қорытындысы бойынша барлық сыныптарға негізгі пәндер бойынша оқушылардың білім көрсеткіштеріне мониторинг жасалды.

Жатақханада наурыз айының жоспары бойынша тәрбиешілердің жалпы қызметкерлердің әрбір жұмыстары бақыланып, қаралды. Интернат ғимаратында әр аптаның сәрсенбі және жұма күндері жиналыс, тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбиешілерге де әдістемелік көмек көрсетілді. Тәрбиешілермен қоса, түнгі бала күтушілердің де жұмыстарына бақылау жүргізілді.

Мектеп және интернат ғимаратында медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығы қадағаланды. Кезекшілік кестесіндегі кезекші тәрбиешілердің өз уақтысында, сонымен қоса сенбі, жексенбі және мерекелік күндері интернат қызметкерлерінің кезекшілікке келуі үнемі қадағаланып тұрды.

Интернат ғимаратында оқушылардың жүріс-тұрысы, өзара қарым-қатынасы, киім киістері, тәртіптері үнемі қадағаланып, оқушыларға тиісті ақыл-кеңес берілді.

Күнделікті оқушылардың білімдерін әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағалап отырды.

«8-наурыз халықаралық әйелдер күні» мерекелік іс-шарасы өз деңгейінде өткізілді.

Тәрбиешілер оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын-алуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырды, салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстарын жүргізді. Ата-аналар үшін ағартушылық жұмыстары жүргізілді.

Наурыз айының 21-шы жұлдызынан бастап оқушылардың көктемдік демалысқа шығуына байланысты, оқушылардың жол қауіпсіздігі және өз бетінше саяхатқа шығуға болмайтындығы қатаң ескертіліп, ата-анаға және де туыстарына жүктелді. Ата-аналарға оқушылардың білім деңгейлері хабарланды. Көктемдік яғни ІІІ-ші тоқсандық демалыс уақыты 21 наурыз бен 02-сәуір күндері аралығы, ал 03-сәуір күні сабақ екендігі ескертілді.

Күнделікті оқушылардың түнгі демалу уақытына қатаң бақылау жасалынды.

Интернаттың әрбір қызметкерлері еңбек тәртібін бұзбай, тапсырылған жұмыстарды ойдағыдай атқарды.

Оқушылардың көктемгі демалыс кезіндегі жауапкершілігі ата-ана мойнына жүктеліп, III-ші тоқсанның демалу уақытысы аяқталып сәуір айының 03-ші жұлдызында интернат ғимаратына ішек құртқа (эпидокружений) анықтамасыз келмейтінін ескертіп, ата-анаға тапсырылып, сонымен қоса тамақ құнының сәуір айын төлеуі жайында айтылды. Бұл тапсырмаларды орындау ата-аналарға жүктелді.

Интернат тәрбиешілері оқушылардың демалысқа үйлеріне қайтуын сынып жетекшілерімен бірге қадағалады.

Ай бойында 7-10 сынып оқушылары оқу бағдарламасындағы негізгі пәндер бойынша ғаламтор олимпиадасына қатыстырылды. Интернет олимпиада 2 турдан тұрды. I турға мектеп бойынша физика пәнінен 44 оқушы, математика пәнінен 84 оқушы қатыстырылды. 2-турға аудан бойынша физика пәнінен 24 оқушы өтсе, соның 17-сы Ж.Қаппаров мектебінің оқушылары, математика пәнінен аудан бойынша 31 оқушы II турға өтсе, соның 23-і Ж.Қаппаров мектебінің оқушылары болды. Ғаламтор олимпиадасындағы өзге пәндер бойынша көрсеткіштерді төмендегі кестеден көруге болады:

Республикалық «Ясауи» олимпиадасына оқушылар қатыстырылды. Жалпы бұл олимпиадаға мектептің 11-сыныптарынан 61 оқушысы қатысты.

11-сыныптың 11 оқушысы Сулейман Демирель университетінің ұйымдастыруымен Шымкент қаласындағы №8 М.Х.Дулати мектеп-гимназиясы және Қазақ-Түрік ерлер лицейі базасында болып өткен олимпиадаға қатыстырылды.

Шымкент қаласындағы «Өнер мектебі» базасында өткен «Мұқағали оқулары» сайысына 8-11 сыныптан 12 оқушы қатыстырылды.

Айдың әр сәрсенбісінде мектеп әкімшілігі тарапынан жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында олардың сабақтарына ену жұмысы жүргізіліп, ұсыныстар мен әдістемелік кеңестер берілді.

18.03.2019ж күні мектеп-интернат базасында «Кенгуру-лингвист» және «Кенгуру-математика для всех» халықаралық интеллектуалды сайысы өткізілді.

05.03.19ж. күні «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» тақырыбындағы қыз сыны байқауы «Шаңырақтар» арасында ұйымдастырылды.

Ананың балаға деген махаббатының шексіздігі, оның арман-тілегі туралы түсіндіру, отбасындағы ана мен бала арасындағы қарым- қатынасты нығайту, оқушының шығармашылық ойын, тіл байлығын, сөздік қорын дамыту, балалардың аналарға деген сүйіспеншілік сезімін ояту, ана еңбегін ардақтап, құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында 11 сынып оқушыларымен «Аяулы анашым, мерекенмен!», 10 сынып оқушыларымен «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды», 9 сынып оқушыларымен «Отбасының берекесі имандылықтан басталады», 8-сынып оқушыларымен «Ана өмірдің шуағы», 7-сынып оқушыларымен «Аналар асыл жандар» тақырыптарында ашық тәрбие сабақтары мен мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды.

Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін ояту, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру мақсатында 8 сынып оқушыларымен «Сен өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында пікір –сайыс өтті.

Оқушылардың бойына адамгершілік, имандылық тәрбие беру, ұлттық салт-санасын дамыту, тәрбиелеу мақсатында «Мен және заң» тақырыбы бойынша жартылай жетім балалармен дөңгелек үстел өткізілді .

Дарынды тұлғаларға, ұлттық қазынаға құрметпен қарауға, арлылық пен кішіпейілділікке, елін,жерін сүйетін ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында «Ұлт тілін ұлықтаған тарлан ақын» атты тәрбие сағаты өтілді.Осы тәрбие сағаты арқылы оқушылардың өз ұлтына деген көзқарасы жоғарылады.

Адамгершілік құндылықтар негізінде айналадағылармен қарым-қатынас құру және мәдениеттілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, имандылық, адамгершілік қасиеттерін дамыту мақсатында 9-10 сынып оқушыларымен «Сәлем – сөздің анасы», «Бата алғанның бақыты бар» тақырыптарында сынып тәрбиешілері әңгімелер жүргізді.

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ата-баба дәстүрін құрметтеу, шетелдік, жат-жұрттық әсерден бойды әсте аулақ ұстауға тәрбиелеу мақсатында 7-8 сынып оқушыларымен «Қазақ халқының қолөнері», «Қазақ халқының тұрмыс – салты» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізіліп, оның барысында балалар бойында қазақи салт-дәстүр, әдет-ғұрып, жөн-жоралғы, әдеп пен иман секілді тектілік қасиеттері дамығаны байқалды.

«Бір тал кессең, он тал ек» акциясы өткізілді. Онда 7-11 сынып оқушылары көшеттер отырғызып, өзі өсіп-өнетін ортасын, қоршаған ортаны, табиғатты бағалай білді, оларға дұрыс қарап, қоғамға пайда келтірді.

Оқушыларды табиғаттың сұлулығын, әсемдігін көре білуге, қорғауға тәрбиелеу мақсатында «Экология тағдыры» атты тәрбие сағаты өтілді. Бұл сабақтан оқушылар табиғатты сүйе, оған мейірімділікпен қарауға үйренеді. Қоршаған ортаға аса мейірімділікпен қарап, оны әрқашан таза сақтауға, ластамауға бейімделді.

«Шақырады көктем» ән байқауы ұлттық әнге деген сүйіспеншілігін ояту, ән құдіретіне үйрету мақсатында шаңырақтар арасында өткізіліп нәтижесінде «Юные генни» 3 орын, «Болашақ» 1 орын, «Барс» 2 орын иеленіп көрермендердің көңілінен шықты. Жеңімпаздар марапатталды.

. Жан-жақты дамуға, талаптануға төзімді болуға, дарындылыққа еліктеуге, қоғамдық тәртіпті сыйлауға және оған бағынуға үйрету мақсатында «Бүгінгі заман қыздарының бейнесі қандай?» тақырыбында мектепшілік қыздар жиналысы болды. Онда қыздар пікір алмасып, ой бөлісті.

Денсаулықтың адам өмір сүруі үшін аса қажеттілігін, оны сақтай білудің адам өміріндегі маңызын, өз денсаулығын күте білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақсатында «Сақтансаң сақтайды!» тақырыбында СПИД, нарко, тері венерологиялық аурулар жөнінде 9-10 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізді. Оқушылар СПИД ауруының адам өмірі үшін қатерлі, жұқпалы екенін және одан сақтану жолдарын білді.

Сондай-ақ «ЖҚТБ – ғасыр дерті» сұрақ- жауап кешінде 10-11 сынып оқушылары мектеп партасынан-ақ жаман әдеттерден аулақ болып, өскен ортадан тек қана жақсы әдеттерді бойына сіңіруді үйренді.

Жас ұрпағымызды қазақ халқына тән имандылыққа, үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіруге үйрету мақсатында «Ағайын, жекжат, халықтар сыйластығы» атты тәрбие сағаты өтілді. Оның мақсаты халқымыздың салт – дәстүрін, әдет – ғұрпын үйрете отырып, “Наурыз” қазақтың ұлттық мейрамы екенін ашып көрсету.

18.03.2019ж күні оқушыларға Наурыз мейрамы туралы мәлімет беру, оның қадір- қасиетін түсіндіру мақсатында, «Қош келдің Наурыз!» тақырыбында наурыз мейрамы ұйымдастырылды.

9-11 сынып оқушыларының байқау тесттерде жауап парақтарын дұрыс пайдалануға дағдыландыру мақсатында оларға түсінік жұмыс жүргізілді. Арнайы парақшалардағы варианттарды 10-15 минут ішінде белгілеп шығу тапсырылды. Оқушылармен сұхбаттасқанда басым көпшілігі қателесу мен жауап парағын дұрыс боямауда өздерінің сенімсіздіктері мен қобалжуларынан болатындығын айтты. Осы сұхбатқа сүйене отырып,

аптаның белгіленген күндері 9-11 сынып оқушыларымен дамыту-түзету сабақтары ұйымдастырылды. Өтілген жаттығулар:

1. Топпен сәлемдесу;
2. Сұрағыма жауап бер!;
3. Тасбақа жүгірісі;
4. Ойымды тап;
5. Кім жылдам;
6. Бойдағы қорқынышты жеңу ойыны;
7. Болады, болмайды;
8. Сөзден сөзді ізде;
9. Джунглидегі жаңбыр;
10. Таңғажайып дорба;
11. Рефлексия т.б.

Жүргізілген сабақтардан соң 11-сыныптың оқушылары қосымша жеке кеңеске келіп, сұрақтарына жауап алды.

Алдын-алу мақсатында 7-11 сынып оқушыларымен сауалнамалар жүргізілді. 7-сынып оқушыларынан алынған сауалнама қорытындысы:

Тесттің тақырыбы: **Кондаштың «Қобалжу шкаласы» тесті.**

Зерттеу нәтижесінде:

1. Мектепішілік

Қалыпты 0-20 балл	34 оқушы
Орта 21-30 балл	12 оқушы
Жоғары 31-40 балл	17 оқушы

2. Өзіндік бағасына байланысты

Қалыпты 0-20 балл	40 оқушы
Орта 21-30 балл	12 оқушы
Жоғары 31-40 балл	11 оқушы


3. Тұлғааралық

Қалыпты 0-20 балл	49 оқушы
Орта 21-30 балл	11 оқушы
Жоғары 31-40 балл	3 оқушы

8-9 сынып оқушыларына «Кактус» әдістемесі жүргізілді. Салынған суреттердің интерпритациясы бойынша әр сыныптан 2-3 оқушыдан ғана агрессияның анық түрі байқалса, қалған бөліктерінде қалыпты гүл ашылған, жағымды ортада өскендерін көрсеткен. Жалпы бұл жастағы балалардың кактусты елестетіп салғанда, тікендерінің көптігі өтпелі кезеңнің өтуіне байланысты талданады. Сурет салумен қатар оқушыларға қосымша сұрақтар қойылды. Мәселен, Кактустың қандай түсі бар?, Кактуста тікеннің көп болғаны дұрыс па?, Кактус қай жерде өсуі керек?, Кактус гүл ашады ма? Және тағы басқа. Бұл сұрақтарға оқушы жауап беру барысында бір-бірімен ақпарат алмасты. Нәтижесі бойынша 7-сыныптан 016.08, 016.24, 017.03 кодтағы, ал 8-9 сыныптан 002.05, 003.11 кодтағы оқушылар жеке кеңеске шақырылды.

Ортаңғы буын сынып оқушыларына арналған ынталандыру материалымен жұмыс ұйымдастырылып, бейнеленген көріністер бойынша жекеленген және топпен дамыту жұмыстары атқарылды. 9^А сынып оқушыларын топқа бөліп (таң, түс, кеш, түн топтары), сол бойынша түрлі түсті қағазбен, красками бейнелеу тапсырылды. Сынып оқушылары өте белсенді және ойлары ұшқыр екенін танытты. Әр топта өзіне тән лидерлер болды. Плакатта орналасқан бейнелерін мақалдармен қорғап өтті. Дәл осы жұмыс 9^Б сыныбында да орындалды. Бұл сыныптағы оқушылардың шығармашылық қабілеттері толығымен шындалмағандықтан, суреттерін толық қорғап бере алмады. Осыған орай сыныпта психотренинг ұйымдастырылды. Мысалы, «Айналым», «1-ден 10-ға дейін», «Детектив», сергіту сәттері. Жекеленген оқушыларға орындауға үй тапсырмалары берілді.

8а бв сынып оқушыларының есте сақтау қабілеті, зейіннің көлемдері анықталды. Ол үшін оқушыларға 20 бейнелі суреттер мен логикалық жаттығулар тапсырылды, әр затты есте сақтаған сайын жаттығу қиындатылды. Материалдарды есте сақтау реті бұзылғанымен, оқушылар атауларды жылдам естерінде сақтады. Ал, зейіннің тұрақтылығын анықтағанда бірнеше қателер жіберілді. 1 минутта кесте ішіндегі шатасқан әріптерді табу кезінде, балалардың басым көпшілігі шатасып отырды. «Шатаспаймын», «Оңнан солға» жаттығулары қатар орындалды. Ортаңғы сынып оқушыларымен түзету жұмыстарын жүргізіп, алынған нәтижелер бойынша сынып жетекшілер мен тәрбиешілерге мәлімет берілді. Қайталама алынған (зейін) тестінің қорытындысы:



ҰБТ-ке қатысушы 11-сынып оқушыларына арналған «Менің жетістігім, менің жеңісім» атты психологиялық тренингі жүргізілді. Мақсаты – кезкелген жағдайдағы іс-әрекеті мен өзіне деген сенімділігін қалыптастыру болып табылады. Орындалған жаттығулар:

1. «Қарауыл»;
2. «10 жылдан кейінгі кездесу»;
3. Ситуациядан шығу икемділікті анықтау;
4. «Бір уыс кедергі»;
5. «5 құндылық»;
6. «Детектив»;
7. «Алтын білезік».

Жаттығу барысында әрбір баланың іс-әрекетіне үлкен мән берілді. 11 абв сынып оқушылары қатысқандықтан, сыныпты бірнеше топқа бөлу арқылы, олардың қиындықтан қалай өтетіндіктері, агрессиялығы, шапшаңдағы, өзгелермен қарым-қатынасын анықтау қажет. «10 жылдан кейінгі кездесу» жаттығуында оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің жоғары екені байқалды. «Детектив» атты жаттығуда балалар мамандықтарды жасыру арқылы оны шебер жасыра білді. Қорыта келе, оқушылар алда кездескен қиыншылықты жеңе алатындықтары көрініс берді.

Жоспарға сай алдын-алу бағыты бойынша ортаңғы және жоғарғы буынның сынып оқушыларымен ауызша сұхбаттасу мен дамыту сабақтары, дөңгелек үстелдері өткізілді. Мәселен, «Мен өмірге құштармын» сұрақ-жауап (сұхбаттасу), «Жұмыла көтерген жүк жеңіл болады» атты тақырыпта дөңгелек үстелі өтті. Оқушылардың жауаптарына қарай талдау жасалып, бағыт-бағдар көрсетілді. Онда талқыланған сұрақтар:

1. Менің ортамдағы өзіндік орным қандай?
2. Мен жететін жетістік...
3. Жолым болмаған жағдайда, өзімді ситуациядан қалай алып шығамын?
4. Достарымды ренжіткен кезде, өзімді...
5. Таңдау жасарда жолдастарым мен ата-анама үлкен үміт артамын...

Мұнда оқушылар өздерінің даярлап келген сұрақтарына да жауап ала алды. Сұхбаттасу соңында ынталандыру материалдарымен коллаж жасап өтті. Яғни, қазіргі әрекеттерін суреттермен бейнелеп, қорғап өтті.



10-сыныптың оқушыларынан «Өмір, жар, дос» деген сынақ, “Ұстамдылардың қатарынансыз ба?”, «Сдержанный ли ты человек?» атты шағын тест алынып, қорытындысы өңделді. Мақсаты- ашулану деңгейін анықтау. Интерпритациясы:

10^Aсыныбынан 19 оқушы қатысты; 10^Bсыныбынан 20 оқушы; 10^B сыныптан 11 оқушы . **Тест нәтижелері:**

1,5,7-ші сұрақтарға “жоқ” деп, бұдан өзгелеріне “ия” деп жауап берген болсаңыз, әр сұрағыңыз үшін 1 ұпай есептеледі.

0-3 ұпай. Адамдармен қарым-қатынасыңыз нашар. Мінезіңіздің тұрақтылығы соншалық, қажет болса да, өз дегеніңізден қайтпайтын қырсық адамсыз. Кей адам сізді тік мінезіңіз үшін ұнатпайды. Іштей достарыңызға да, бейтаныс

адамдарға да адалсыз. Алайда өзгелерге жылы қабақ танытып үйренгеніңіз абзал.

4-6 ұпай. Айналаңыздағылармен қарым-қатынас жасауыңызға байланысты жақсы да, жаман да жақтарыңыз бар. Адал болсаңыз да, ішкі жан-дүниеніңдегі жылы сезімдерді көрсете бермейсіз. Сізге өзгелердің пікіріне құлақ асып үйрену қажет.

7-10 ұпай. Қарым-қатынас мәселесінде өте белсендісіз. Ситуацияға сәйкес кез келген рөлге еніп, өз дегеніңізге жете аласыз. Ең бастысы айналаңыздағыларға жақсы әсер қалдырасыз.

10а сыныбы:

0-3 ұпай жиғандар: 3 оқушы – 13,6%;

4-6 ұпай жиғандар: 11 оқушы – 63,6%;

7-10 ұпай жиғандар: 5 оқушы – 22,7%;

10в сынып:

1. 8 оқушы – 66,7%;

2. 3 оқушы – 33,3%;

10б сыныбы 14 сұрақтан құралған сынақ тапсырды. Сыныптың басым көпшілігі жолдастарына сенім артып, тығырықтан шығарда ортаға жүгінетіндіктерін жазған. Кейбір оқушылар ситуациядан шығуда тек өзіне ғана сенетіндігін жазған.

Сұраныс жас мамандар мен ортаңғы буынның тәрбиешілерінен келіп түсті. Осы бағытта жұмыс жасалып, топпен және жекеленген түсінік жұмысы жүргізілді. Кеңес беру бағыты бойынша М – 2, Т – 2, О – 9 кеңес берілді. Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Н.Нұрлыбекова мен А.Алпысбаева және олардың оқушылары орыс тілі пәні бойынша Халықаралық қашықтық олимпиадасына қатысып жүлделі орындарды иеленді. Атап айтқанда А.Оңалбаева, Т.Бердалиев, А.Ергешов, М.Жолдасов І орын, Ш.Абдуалиева, Г.Мауленова, А.Абдрали, А.Кененбаева, А.Комалов, С.Базарбай, М.Ахмедхужаев, М.Смайыл ІІ орын иегерлері атанып мадақтамалар алды.



9-сынып тәрбиешісі жас маман А.Султанов сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырып өткізді.



«Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мелекеттік мекемесінің өкілдерімен бірлесе отырып 9-11 сынып оқушыларымен ауылдық жерлерде мемлекеттік жастар саясатын дамыту мен жастардың белсенділігін арттыру, «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасын, «Дипломмен ауылға» бағдарламасын насихаттау мақсатында кездесу өткізілді.



Жаратылыстану пәндері әдіс берлестігі мүшелерінің ашық сабақтары ұйымдастырылды. Фотосуреттерде биология пәні мұғалімі Ж.Еликбаеваның ашық сабағынан көріністер беріліп отыр:



Келесі фотосуреттерде химия пәні бойынша ашық сабақтардан фотокөріністер беріліп отыр:



Жас тәрбиешілердің ашық үлгілік тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Төменде 10Б сынып тәрбиешісі Э.Кенжееваның ашық тәрбие сағатынан фотокөрініс беріліп отыр:



Алматы қаласында жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасында өткен Жолдасбеков атындағы халықаралық ғылыми жоба байқауына математика пәні бойынша 11-сынып оқушысы Құрбанбек Ерұлан қатыстырылды.

Қашықтықтан ғаламтор арқылы психология, физика және математика пәндері бойынша ұйымдастырылған Қазақстандық интернет олимпиадасына оқушылар мен мұғалімдер қатыстырылды.

9-сыныптармен « Өзіңді өзің тани біл» атты тренинг сабақ өткізілді. Тренингтің мақсаты: өзін-өзі және қоршаған ортаны тану. Өзінің ішкі жан дүниесіне үңіліп, өзін-өзі тану негізінде, адамгершілік-рухани әлеуетін көтеру, баланың өзіндік « Менін» қалыптастыру және оқушылар арасында жылы қарым-қатынас орнату, адамгершілік құндылықтарын үйренуіне ықпал ету, сенімін нығайтуға жол ашу. Өзін-өзі түсінуге, өзін –өзі бағалай білуге және өзін-өзі жаман әрекеттен жақсы әрекетті ажырата білуге тәрбиелеу.

11-сынып оқушыларымен « Стреспен күресу, жолдарын үйренейік» атты тренинг сабақ өткізілді. Тренингтің мақсаты: жаттығулар жасау арқылы оқушылардың көңіл күйлерін көтеру, стресті жеңу жолдарын үйрету.

Тренинг барысында оқушылардан «Сіз стресті бағындыра аласыз ба?» атты тест алынды. Оқушылар тренингтен үлкен әсер алды.



03.03-04.03.2019ж күндері 8-10 сыныптармен «Занды білу –заман талабы» атты тақырыпта лекция сабақтар өткізілді. Мақсаты: оқушыларға еліміз қабылдаған Ата заңның өмірлік қажеттілігін ұғындыру. Заңды өмірде қолдана білуге үйрету , құқықтық сауаттылығын жетілдіру . Заң негізінде өз құқығын талап етуге баулу, патриоттыққа тәрбиелеу.

Лекция сабақ барысында оқушылар көптеген мәліметтер алып , бір-бірімен пікір алысып, ойларын ортаға салды .Құқық, әділеттік, теңдік ,ізгілік ,қоғамға негізделген тәртіп ережелерін естен шығармауымыз керек екендігін ұқты.

06.03.2019 ж күні 9-сыныптармен «Отбасы- тәрбиенің басты ұясы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді . Мақсаты: бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы ,өз отбасындағы ата-ана тәрбиесі , өнегесі және ата-

ана баланың бас ұстазы екенін түсіндіру. Дөңгелек үстел барысында оқушылар мен ата-аналар бір-бірлеріне сұрақ қою арқылы пікір алмасты. Бала тәрбиесіне ең алдымен оның өз ата-анасының еңбекқорлығы, ұстамдылығы, ақыл-ой, сана-сезімі, адамгершілігі әсер етпек деген қорытынды жасалды.

11.03.2019ж күні 9-10 сыныптармен «Кім боламын?» тақырыбында ашық сабақтар өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға мамандық таңдауға көмектесу, түрлі маман иелерінің атқаратын қызметін ұғындыру, оқушы шығармашылығын, тілін, ойын дамыту. Кәсіпке тәрбиелеу, адамгершілік тәрбиесін беру.



15.03.2019ж күні «Темекі шегудің зардабы» тақырыбында 9-10 сыныптармен лекция сабақтар өткізілді. **Мақсаты:** Қазіргі заманның кеселді дерті темекінің зиянды әсері, туғызатын ауру түрлері туралы түсінік қалыптастыру, денсаулықты сақтау, бос уақытты тиімді пайдалануға тәрбиелеу. Лекция сабақтар барысында темекінің зиян жақтары жайлы бірнеше қызықты мәліметтер ұсынылып, бейнероликтер көрсетілді. Оқушыларға темекінің шығу тарихына, темекінің зияндылығына



байланысты оларды ойландыратын бірнеше сұрақтар қойылды.

18.03.2019ж күні «Мұғалім мен оқушының арасындағы қарым-қатынас» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты мұғалімдерге оқушылармен қарым-қатынас жасау үрдерісінде методикалық көмек көрсету, өзара пікір алмасу. «Бала дамуындағы жеткіншек кезеңінің ерекшелігі- оның аталуында «өтпелі».Бұл ұғымдарда өмірдің бір кезеңінен екінші кезеңіне өтуге байланысты, осы жастағы жүретін даму процесінің қиындығы , күрделілігі мен маңыздығына көз жеткізілген, балалықтан ересектікке өту жеткіншектік кезеңінің жан- жакты дамуындағы дене, ақыл-ой, өнегелік, әлеуметтік тәрбиенің негізгі мәнін және специалық айырмашылығын құрайды», - деп қорытынды жасады ұйымдастырушы педагог Т.Бегімқұлов. Дөңгелек үстелде қатысушылар тарапынан көптеген сұрақтар қойылып , соңынан талқылауға, өз ойларымен бөлісуге кезек берілді.Дөңгелек үстел қорытындысында егер үлкендер жеткіншік кезеңінің ерекшелігін , баланың табиғатында болып жатқан өзгерістерін дұрыс түсініп оған дұрыс әсер ете алса бала дұрыс бағытта дамиды деген қорытнды жасалды.

18.03.2019ж күні 11-сыныптармен « Стреспен күресу жолдарын үйрету» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Мақсаты жаттығулар жасау арқылы көңіл күйлерін көтеру, стресті басу,жеңіл жолдарын үйрету. Тренинг барысында оқушылардан « Сіз стресті бағындыра аласыз ба?» атты тест алынды және релаксациялық жаттығулар мен Сарқырама әдісі орындалды.

ҰБТ-да жоғары нәтижеге жету мақсатында төмендегідей жұмыстар жасалды:

11-сынып оқушылары жаңа электронды және қағаз тасымалдағыш форматындағы тест материалдарымен қамтылды.

Пән мұғалімдерінің үлгерімі төмен соғып жатқан оқушылармен жеке жұмысына үлкен мән беріліп, мектеп әкімшілігі тарапынан арнайы түзілген индивидуалды сабақ кестесі бойынша жұмыс жасалды.

Тест тапсырушыларды ҰБТ сынағына психологиялық тұрғыдан дайындау мақсатында аптасына 2 рет педагог-психологтың семинар-тренингі ұйымдастырылды.

Апта сайын алынатын байқау тестінен соң қатемен жұмысқа және үлгерімі төмен оқушыларға, олардың пән мұғалімдеріне, ата-аналарына қозғау салып отыруға көп мән берілді.

Байқау тесттерде оқушылардың көрсеткен нәтижелері бірте-бірте жоғарылап отырды. Мұны төмендегі кестеде көрсетілген мектеп әкімшілігі тарапынан алынған тест нәтижелерінен байқауға болады:

№	Ф.И.О.	№ вар	Баллы по предметам										Сумма баллов
			1-й предмет		2-й предмет		3-й предмет		4-й предмет		5-й предмет		
1	Жама л С. М.	1551	19	ист.Каз.	18	мат.гр.	18	гр.чт.	39	мат	39	физ	133
2	Жақсылық А. Р.	1552	14	ист.Каз.	20	мат.гр.	20	гр.чт.	31	физ	27	мат	112
3	Жұмаділ А. Е.	1555	18	ист.Каз.	20	мат.гр.	20	гр.чт.	28	гео	38	мат	124
4	Мырзалы Р. О.	1554	4	ист.Каз.	18	мат.гр.	13	гр.чт.	17	био	16	хим	68
5	Мыңтай С. Ғ.	1553	17	ист.Каз.	16	мат.гр.	18	гр.чт.	21	физ	17	мат	89
6	Мұхтарбек Қ. Е.	1554	10	ист.Каз.	20	мат.гр.	16	гр.чт.	34	мат	27	физ	107
7	Ордабаева Э. Д.	1555	20	ист.Каз.	16	мат.гр.	16	гр.чт.	27	гео	34	мат	113
8	Оңалбаева А. Қ.	1551	14	ист.Каз.	18	мат.гр.	16	гр.чт.	34	био	28	хим	110
9	Сапабек А. Е.	1553	15	ист.Каз.	18	мат.гр.	18	гр.чт.	31	био	22	хим	104
10	Сман А. Қ.	1554	19	ист.Каз.	20	мат.гр.	18	гр.чт.	38	гео	36	мат	131
11	Сәтбек Е. Е.	1551	20	ист.Каз.	20	мат.гр.	18	гр.чт.	38	био	34	хим	130
12	Темір М. К.	1551	19	ист.Каз.	19	мат.гр.	19	гр.чт.	40	мат	38	физ	135
13	Қалыбек И. Р.	1553	19	ист.Каз.	19	мат.гр.	20	гр.чт.	40	мат	40	физ	138
14	Қарсыбай ?. П.	1552	15	ист.Каз.	18	мат.гр.	20	гр.чт.	35	мат	38	физ	126
15	Әсет Д. М.	1551	20	ист.Каз.	19	мат.гр.	19	гр.чт.	35	англ.яз.	37	ист	130
16	Әсілбеков Д. К.	1554	19	ист.Каз.	17	мат.гр.	12	гр.чт.	24	мат	17	физ	89
17	Әуезхан А. Д.	1555	17	ист.Каз.	17	мат.гр.	18	гр.чт.	35	био	31	хим	118
18	Әуезов А. Е.	1552	15	ист.Каз.	18	мат.гр.	20	гр.чт.	35	мат	33	физ	121
19	Асанова А. Б.	1552	14	ист.Каз.	20	мат.гр.	20	гр.чт.	32	био	25	хим	111
20	Асанова С. ?.	1555	16	ист.Каз.	19	мат.гр.	20	гр.чт.	36	мат	31	физ	122
21	Дүйсембай А. Е.	1554	19	ист.Каз.	20	мат.гр.	17	гр.чт.	40	мат	36	гео	132
22	Еділбай Н. Е.	1552	18	ист.Каз.	18	мат.гр.	20	гр.чт.	32	мат	38	физ	126
23	Ербаев А. С.	1554	7	ист.Каз.	20	мат.гр.	15	гр.чт.	28	физ	36	мат	106
24	Ербосынов Ф. Б.	1553	20	ист.Каз.	19	мат.гр.	20	гр.чт.	33	мат	34	физ	126
25	Еркінбек Е. Қ.	1555	16	ист.Каз.	19	мат.гр.	18	гр.чт.	34	био	33	хим	120
26	Жарылқасын М. О.	1555	20	ист.Каз.	19	мат.гр.	20	гр.чт.	39	мат	37	гео	135
27	Мамай З. Т.	1554	9	ист.Каз.	18	мат.гр.	15	гр.чт.	40	мат	31	гео	113
28	Нұралы А. А.	1551	20	ист.Каз.	20	мат.гр.	17	гр.чт.	32	физ	40	мат	129
29	Нұралықызы А.	1555	19	ист.Каз.	20	мат.гр.	20	гр.чт.	38	мат	40	физ	137
30	Нұғманұлы Е.	1553	15	ист.Каз.	19	мат.гр.	19	гр.чт.	37	мат	29	физ	119
31	Нәдірбек Б. І.	1552	20	ист.Каз.	20	мат.гр.	19	гр.чт.	40	био	37	хим	136
32	Садуахас М. М.	1553	18	ист.Каз.	19	мат.гр.	19	гр.чт.	39	мат	40	гео	135
33	Садуақас Е. А.	1553	18	ист.Каз.	19	мат.гр.	20	гр.чт.	40	физ	40	мат	137
34	Уразалиқызы А.	1552	19	ист.Каз.	18	мат.гр.	20	гр.чт.	37	англ.яз.	40	ист	134
35	Қайратұлы А.	1552	18	ист.Каз.	17	мат.гр.	19	гр.чт.	38	мат	37	физ	129
36	Құрбанбек Е. Қ.	1555	20	ист.Каз.	20	мат.гр.	19	гр.чт.	36	физ	40	мат	135
37	Абдрали А. Е.	2551	9	ист.Каз.	13	мат.гр.	20	гр.чт.	27	физ	26	мат	95
38	Абдуалиева Ш. Б	2552	19	ист.Каз.	19	мат.гр.	17	гр.чт.	29	био	27	хим	111
39	Азимхан Б. Д.	2553	16	ист.Каз.	15	мат.гр.	19	гр.чт.	30	био	23	хим	103
40	Аныкбаев А. А.	2554	18	ист.Каз.	17	мат.гр.	16	гр.чт.	23	мат	22	физ	96
41	Базарбай Д. Қ.	2555	14	ист.Каз.	17	мат.гр.	16	гр.чт.	35	физ	38	мат	120
42	Байырбек Е. Т.	2554	17	ист.Каз.	20	мат.гр.	18	гр.чт.	31	физ	36	мат	122
43	Елтай Б. Н.	2551	13	ист.Каз.	15	мат.гр.	16	гр.чт.	37	мат	35	гео	116
44	Ералхан Ә. М.	2551	17	ист.Каз.	17	мат.гр.	16	гр.чт.	38	мат	36	физ	124
45	Кененбаева А. А.	2553	8	ист.Каз.	18	мат.гр.	18	гр.чт.	34	мат	34	физ	112
46	Комалов А. А.	2555	16	ист.Каз.	19	мат.гр.	20	гр.чт.	30	физ	38	мат	123
47	Курганбаев А. А.	2552	17	ист.Каз.	19	мат.гр.	19	гр.чт.	29	био	33	хим	117
48	Мауленова Г. Т.	2552	17	ист.Каз.	16	мат.гр.	17	гр.чт.	26	мат	33	физ	109
49	Муратова А. Д.	2551	11	ист.Каз.	0	мат.гр.	17	гр.чт.					28
50	Оразбаев Е. Р.	2555	9	ист.Каз.	16	мат.гр.	15	гр.чт.	30	физ	24	мат	94

51	Смайыл М. Е.	2554	20	ист.Каз.	20	мат.гр.	19	гр.чт.	40	био	39	хим	138
52	Яковлев Р. Д.	2553	19	ист.Каз.	20	мат.гр.	17	гр.чт.	34	физ	37	мат	127

ҰБТ-ға қатысатын мектеп бітірушілер жайлы мәліметтер электронды базаға енгізілді.

Мектепшілік басшылық пен бақылау кестесінің орындалуы бақыланды.

Ай бойында мектеп әкімшілігі тарапынан мұғалімдердің ішкі еңбек тәртібін сақтауын, еңбек заңдылығын орындауын және оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асты.

Оқушылардың білімін тереңдету курстары, қоғамдық үйірмелер т.б. шаралардың сапалы өтілуі де мектеп әкімшілігі тарапынан үнемі қадағаланды.

Интернат ғимаратында сәуір айының жоспары бойынша жалпы қызметкерлердің тәрбиешілердің әрбір жұмыстары бақыланып, қаралды.

Жатақханада әр айдың сәрсенбі және жұма күндері жиналыс, тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбиешілерге де әдістемелік көмек көрсетілді.

Тәрбиешілермен қоса, түнгі бала күтушілердің де жұмыстарына бақылау жүргізілді.

Мектеп психологы мен бірлесе сынып жетекші және тәрбиешілер жаңадан келген оқушылардың темпераменттік типтерін анықтап, психологиялық карталарын түзді. Мектеп ғимаратымен қоса интернат ғимаратында дәрігер мен медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығын қадағалауда.

ДТІЖО-ның түзген кезекшілік кестесіндегі кезекші мұғалімдердің өз уақтысында, сонымен қоса сенбі, жексенбі күндері интернат қызметкерлерінің кезекшілікке келуі үнемі қадағаланып тұрды.

Интернат ғимаратында оқушылардың жүріс-тұрысы, өзара қарым-қатынасы, киім киістері, тәртіптері үнемі қадағаланып, оқушыларға ескертілді.

Кітапханамен тығыз байланыста болып жаңа газет-журналдармен, көркем-әдебиттермен, әдістемелік кітаптармен, құралдар бойынша оқушылармен жұмыс жүргізілді. Оқушылар арасында салауатты салтын насихаттау жұмыстары жүргізілді.

Күнделікті оқушылардың білімдерін әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағаланды. Тәрбиешілер оқушылардың білімдерін, сабаққа қатысуын үзбей қадағалады.

Қызметкерлер еңбек тәртібін бұзбай, тапсырылған жұмыстары ойдағыдай атқарылды.

Интернат тәрбиешілері оқушыларды аптаның әр сенбі үйлеріне қайтуын сынып жетекшілерімен бірге қадағалады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру, адам ағзасының мүмкіндіктерін, оның қызметінің ерекшеліктерін болжауға үйрету мақсатында 7 сәуір - Әлемдік денсаулық сақтау күні» мерекесіне орай “Адам үшін денсаулықтан асқан байлық жоқ” тақырыбында конференция, «Салауатты өмір – барыс тектес халқымыздың болашағы» атты спорттық сайыс ұйымдастырылды. Оқушылардың психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау, біліктілігін қалыптастыру мақсатында «Темекі мен нашакорлыққа жол жоқ!», «Нашакорға алыс мұң, алыс қайғы, өзі бірақ өмірден алыстайды» тақырыптарында кәмелетке толмағандар арасындағы нашакорлық жайлы деректі фильмдер көрсетілді.

Көктем айларында белең алатын «Конго» қырым қанды қызбысы жайлы сыныптарда сұхбат жүргізіліп, оқушылардың денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігі қалыптастырылды.


12 сәуір космонавтика күніне орай оқушылардың космонавтика туралы білімдерін кеңейту, ғарыш кеңістігі жайлы тереңірек білім беру арқылы іздендіру, Қазақстан ғарышкерлерінің еңбектерін мақтаныш ету мақсатында «Ғарыш кеңістігі жайлы не білеміз?» ғылыми-практикалық конференция, «Қазақстан-ғарыштық держава» тақырыбында тәрбие сағаты, «Ғажайып алаң» атты интеллектуалды ойын ұйымдастырылды.



Оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамыту мақсатында 18 сәуір - Халықаралық тарихи ескерткіштер күніне орай «Әділет» дебат клубы «Тарихи ескерткіштер дегеніміз не?» тақырыбында пікірталас және «XXI ғасыр лидері» ойынын өткізді.


Оқушылардың белсенді ойлау қызметін, осы заманғы ғылыми дүниетанымдарын қалыптастыру, ақыл-ой қабілеті мен білімге құмарлығын

арттыру мақсатында «Абайдың биік тұрар өлеңдері» тақырыбында




театрландырылған кеш болды.

Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен үйрету, қоғамның заңдары мен нормаларын орындау, құқықтарын біліп оны құрметтеуге үйрету мақсатында «Сен өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында пікір –сайыс ұйымдастырылды.



Оқушылардың жалпы адамзаттық құндылықтармен, нормалармен және дәстүрлермен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру, оқушы бойында рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, достықтарын нығайту мақсатында «Достық, адалдық туралы әңгіме» тақырыбында кеш өтті .

Оқушылардың бойында кәсіби және жеке құзіреттілік қасиеттерін, кәсіби қауымдастық құндылықтарын қалыптастыру, еңбекке, өнерге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Менің шеберлігім» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.



Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру , экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту, табиғатты қорғау, құстарға қамқаршы болу мақсатында Жасыл ел» топтарының бірлескен «Құстар күні» «Құстар – біздің досымыз!» іс-шарасы өткізді.



«Туған өлке табиғаты» тақырыбында әңгіме өткізу барысында оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілік, мейірімділік, жанашырлық сезімдері тәрбиеленіп, оқушылардың экологиялық жанашырлық қабілетін қалыптастыруға ықпал жасалды.

Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін кеңістік құру, білімді оқушыларды анықтау мақсатында «Білімді мыңды жығар» интеллектуалды ойын ұйымдастырылды.

Оқушы бойындағы рухани адамгершілік құндылықтарды, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтары зерделеу мақсатында 10-сыныптармен «Жақсыдан үйрен жаманнан жирен» атты тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар бұл іс-шараға қатысу арқылы өзін-өзі танып қоршаған ортаны түсінді, оған өзінің қатыстылығын саналы сезінді.

Дәстүрлі өнер фестивалі «Білімді Ел-Мәңгі Ел» тақырыбында жоғары дәрежеде ұйымдастырылды.